

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыс HTML 5 тілінің негізінде жазылған «Жетісу» телекомпаниясының сайты жасауға арналған. Бұл сайт қолданушыларға пайдалануға ыңғайлы, қарапайым, қол жетімді болуы керек. Сайтта Жетісу телеарнасындағы барлық бағдарламалар, жаңалықтар топтамсы, телехикаялар, деректі фильмдер мұрағаты, телеарна қызметкерлері жайлы: өзгерістер мен толықтырулар және журналисттердің жеке блогтары көрсетілген.

Сайт тек қана қол жетімді болып қоймай сонымен қатар өзінің көркем дизайнымен ерекшеленетін болады. Өйткені түстердің өзіндік үйлесімі әдемілік пен қатар пайдаланушыны да шаршатпайды.

Қойылған мақсатқа жетуде веб – беттерді құрастыруда өте үлкен мүмкіндіктерге ие HTML 5 гипермәтіндік тілі, сонымен қатар CSS, JavaScript тілдерінің мүмкіндіктері пайдаланылды.

Дипломдық жұмыс кіріспе, негізгі бөлім, аналитикалық бөлім, жобаны құрастыру бөлімі, экономикалық, тіршілік қауіпсіздігі бөлімдері және қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімін жазуда уикипедия сайты және шетел әдебиеттерінен орыс тілінде Кристиан Дари және Эмилиан Баланескудің “PHP және MySQL интернет – магазин құру” 2 – ші басылым, Робин Никсонның “PHP, MySQL және JavaScript – тің көмегімен динамикалық веб – сайттарды құру” және Петр Ташковтың “100 % HTML, CSS, JavaScript PHP, CUS, AJAX – те веб - мастеринг” кітаптары пайдаланылды. Негізгі бөлім үш бөліктен тұрады. Екінші, аналитикалық бөлімінде сайттың құрылымы және оның дизайнын жасау қарастырылған. Жұмысты құрастыру бөлімінде HTML 5, JavaScript тілдерін және CSS кестелерін пайдаланып сайтты құрастыру туралы жазылған. Экономикалық бөлімінде сайтты құруда пайдаланылған шығындар мен кеткен уақыт және табыс есептелген. Тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде жарықтандыру, шу және діріл есептері келтірілген. Қорытындыда дипломдық жұмыстың жасалу барысы және тиімділігі жазылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде жұмысты құруда пайдаланылған барлық әдебиеттер мен сайттар тізімі көрсетілген.